

ISSN 1814 - 6961

ОТАН ТАРИХЫ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2017, № 1 (77)

1 /2017

**Мазмұны
Содержание
Contents**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясына - 70 жыл
Национальной академии наук Республики Казахстан – 70 лет
National Academy of Science of the Republic of Kazakhstan – 70 years**

НАЗАРБАЕВ Н.Ә.

Ғылым дамуы үшін барлық жағдайды жасаймыз5

ЖҰРЫНОВ М.

Қазақстанның ғылымы, мәдениеті және экономикасының
дамуындағы Қазақстан Республикасы
Ұлттық ғылым академиясының рөлі.....8

**Тарих теориясы
Теория истории
Theory of History**

ORAZBAYEVA A.I.

The Nomadism and the Architecture of Kazakh Statehood.....12

**Тарих толқынында
В потоке истории
In the Stream of History**

ПИЛИПЧУК Я.В.

Улус Джучи и Тевтонский орден (1241-1431).....21

БИМЕНДИЕВ А.Ш.

В поисках атрибутов власти казахских чингизидов.....30

СМАҒҰЛОВА С.О., БЕРКІМБАЙ А.

XX ғасырдың 20-30 жж. кеңес үкіметіне қарсы халық
наразылықтары (Шығыс Қазақстан облысы бойынша).....38

САРМУРЗИНА Н.Н., ДОСКАЛИЕВА С.Ж.

Астрахан облысы қазақтары
Ұлы Отан соғысы жылдарында.....50

**Тарихнама және деректану
Историография и источниковедение
Historiography and Source Studies**

АЛТАЕВ А.Ш., КОЖАКЕЕВА Л.Т.

Проблемы исторической демографии и миграции
в современной казахстанской историографии54

ЛАПИН Н.С.

Историографический анализ проблемы формирования
исторического сознания казахстанцев.....62

ОШАНОВ О.Ж.

Кенесары ханмен байланысты тарихи
жерлер және ел ішіндегі деректер77

**Этнология, археология және ескерткіштану, музейтану
Этнология, археология и памятниковедение, музееведение
Ethnology, Archaeology, Monument Studies, and Museology**

ТУЛЕГЕНОВ Т.Ж.

Синкретические полиморфные существа на бронзовых
зеркалах из Семиречья (культурно-хронологический анализ).....84

АМАРГАЗИЕВА А.Ж., ЧЕКИН А.Г.

Науакескен мен Қыземшек петроглифтері.....89

**Тарих және тұлға
История и личность
History and Person**

ШАШАЕВ Ә.К.

Н. Сәбитов - Қазақстан этнографиясын зерттеуші.....97

**Ауызша тарих мәселелері
Вопросы устной истории
Oral History Matters**

ТОҚТАБАЙ А.У.

Ауызша тарихтың мүмкіндіктері.....110

БАЙЖҰМАНОВА З.Б.

Көкшетау өңірінің тарихы халық жадында.....125

ҚОҢҚАБАЕВА А.Н.

XX ғасырдағы Маңғыстау өлкесінің тарихы естеліктер негізінде131

**Жас ғалымдар зерттеулері
Исследования молодых ученых
Researches of Young Scholars**

НАГАЙКО Е.

Этнографические практики представителей Киевской Украинской
Громады: к вопросу формирования национальной идентичности.....137

КАРСАКОВА Г.Б.

Голод 1921 года в Северном Казахстане в западной историографии145

САЛЫҚБАЕВА Б.Ә.

«Отан тарихы» журналындағы тәуелсіздік мәселелері.....154

КАЗБЕКОВА А.Т.

Из истории депортации чеченцев: процесс переселения и обустройства
(по материалам Восточно-Казахстанской области).....159

**Естелік
Воспоминания
Memories**

БАЙМҰХАНОВ Б.

Өмір дегенің бір күндік сәуле екен ғой...
(Үстаз-ғалым Беркін Құрманбек жайлы эссе)170

**Мерей той
Юбилей
Anniversary**

ӘЛМЕНБЕТОВА Ү.

Әріптес мерейі.....176

Ә.Ш. Бимендиев¹

¹Тәуелсіз зерттеуші, техн.ғ.к.,
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ АҚСҮЙЕКТЕРІНІҢ БИЛІК АТРИБУТТАРЫН ІЗДЕСТІРУ

Түйін

Берілген мақалада қамшының орта ғасырдағы қазақ билеушілерінің билік атрибуттарының бірі болуы мүмкін мәселесі қарастырылады. Қазақ ақсүйектері қамшының осы функциясын алдыңғы билік элитасынан мұра етіп алғаны әбден мүмкін, атап айтқанда, қамшының мұндай қасиеттері туралы ежелгі түркі дәуіріндегі деректерде кездеседі. Осыған дәлел ретінде, автор қазақ ауыз әдебиетінің фольклоры, жазба деректер мен бейне материалдардағы мәліметтерді ұсынады (орта ғасырлық миниатюралар мен карталар).

Түйін сөздер: қамшы, шоқпар, скипетр, асатаяқ, билік нышаны

A.Sh. Bimendiyev¹

¹Independent Researcher, Candidate of Technical Sciences,
Almaty, Kazakhstan

SEARCHING THE POWER ATTRIBUTES OF KAZAKH CHINGIZIDS

Summary

The article raises the question of the status of the whip (kamshy) as one of the possible attributes of power of the Kazakh rulers in the late Middle Ages. It is likely that the Kazakh Chingizids inherited its functions from the previous ruling elites, in particular, there are mentions of such properties of the whip from the ancient Turkic era. As arguments, the author provides information from Kazakh oral folklore, written sources and visual materials (medieval miniatures and maps).

Keywords: whip, mace, scepter, stick, kamshy, symbol of power.

ӘОЖ 94(574)

С.О. Смағұлова¹, А. Беркімбай²

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология
институты директорының орынбасары, әл-Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық университеттің доценті, т.ғ.д.

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология
институтының магистранты

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЖ. КЕҢЕС ҮКІМЕТІНЕ ҚАРСЫ ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҚТАРЫ (ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША)

XX ғасырдың 20-30 жылдары Кеңес үкіметінің жүргізген түрлі саяси реформалары халыққа жайсыз тиді. Әсіресе 20-жылдың соңына қарай қолға алынған тәркілеу мен ұжымдастыру барысында қыр қазақтарына қысым көрсетілді. Қоғамды тапқа бөліп қараған большевиктер халық арасындағы ірі байлар, ауқатты адамдар мен әулеттердің меншігіндегі дүние-мүлкін, малдары мен еңбек құралдарын «мемелекет пайдасына, кедей халыққа бөліп береміз» деген желеумен тәркілеп алып, өздерін туған жерінен басқа өңірге жер аударды.

Ұжымдастыру саясаты алдын ала даярлықсыз, жергілікті жағдайлар ескерілместен, көбінесе әкімшілік күштеу әдістерімен жеделдете жүргізілді.

Сонымен қатар Ресейді индустриализациялау кезінде завод, фабрика салып жатқан жұмысшыларды етпен және астықпен қамтамасыз ету де шаруалардың мойнына артылды.

Астық дайындаудағы алғашқы нұсқаулар бойынша шаруалар қолындағы бар астығын үкіметке жедел тапсыруға мәжбүр болды. Ет дайындау барысы да қарқынды жүргізіліп, шаруаның қолындағы соңғы малы тартып алынды. Ғалым Т. Омарбековтың жазуынша, 1929-1933 жж. аралығында Қазақстандағы 36 млн-ға жуық бас малдың шамамен 15 млн-ны мал, ет дайындау науқандарында сойылған және оның басым көпшілігі Қазақстаннан сыртқа тасылып әкетілген [1, 78-б.].

1928 жылы Қазақстанда барлық шаруашылықтың 2 проценті ұжымдастырлса, ал 1930 жылдың 1 сәуіріне дейін 50,5 процент, 1931 ж. қазанында дейін 65 процент шаруашылық ұжымдастырылды [2, с.4]. Үкіметтің күштеу саясатының қарқынымен жүргізілген бұл ұжымдастырудың нәтижесі халықты көтеріліске шығуға итермеледі. Бұл науқанға қарсы бағытталған көтерілістер Қазақстан аумағын толықтай шарпыды.

Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың (ОГПУ-БМСБ) деректеріне сүйенсек, 1929-1932 жылдар аралығында қазақ даласында ұжымдастыру саясатына қарсы 80 мың адам қатысқан 372 көтеріліс болып, барлығын да Қызыл Әскер, БМСБ-ның әскерлері аяусыз басып, оған қатысқандар қатаң түрде жазалаған екен.

Мұрағат құжаттарын қарап отырсақ, шаруалардың үкіметке қарсы көтерілуі бір жерлерде бейбіт түрде өтсе, бір жерлерде қарулы қақтығыстарға ұласты. Жалпы осы көтерілістерге байланысты ғалымдар арасында түрлі пікірлер қалыптасқан. Бірі оны «шаруалар толқуы» десе, бір ғалымдар «үкіметке қарсы наразылық», «кенеске қарсы наразылық», «шаруалар көтерілісі», «көтеріліс», «халық көтерілісі» деп жазып жүр [3, 6-б.]. Қалай аталса да бұл халықтың үкіметтің жүргізіп отырған қысаң саясатына қарсылық білдірген жан айқайы, наразылығы болды.

Ұжымдастыру басталған кезден-ақ жоғарғы орындарға толқулардың белең бере бастағаны жөнінде ақпарлар түсе бастаған. Мәселен, Сырдария округіне қарасты Бостандық ауданынан, Қостанай округінің Батпаққара мен Наурызым аудандарынан 1929 жылдың күзінде ұжымдастыруға қатысты қарсыластық болып жатқандығы жөнінде ұдайы хабарлар келіп жатты [2, с.21].

Қазақстанда болған шаруалар көтерілісінің бір ошағы Шығыс Қазақстан облысы болды. Ж. Әбілхожиннің көрсетуінше, 1930 жылдың ақпанында Семей округіне қарасты Зырян, Өскемен, Самара, Шемонайха, Қатонқарағай аудандарында шаруалардың толқуы басталған [4, с. 180]. Т. Омарбеков Өскемен мен Зырянда болған көтерілісті «күштеп ұжымдастыруға қарсы Қазақстандағы наразылыктардың ішінде бірыңғай орыс тілді – халық ғана қатысқан жалғыз көтеріліс» деп тұжырымдаса [5, 224-б.], ал Т. Алланиязов бұл облыстың Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау, Шет аудандарында болған көтеріліс ақпан айындағы ет дайындау саясатына қатысты ұшқындағандығын атап өтеді [3, 6-б.]. Қ. Алдажұманов үкімет саясатына көтерілістің Шығыс Қазақстанның Қарқаралы округіне қарасты Абыралы, Қу, Шет және Жаңа-Арқа аудандары мен Семей округіне қарасты Қызылжар, Көкпекті, Шыңғыстау, Шұбартау және басқа аудандарда қамтығандығын келтіреді [6, 90-б.].

Абыралы көтерілісі

Абыралы көтерілісінің басталуына бірден-бір себеп ет дайындау науқаны кезінде тапсырманың шектен тыс көбеюі болды. Абыралы аудандық партия комитетінің хатшысы болған Найманбай Мәметековтың тергеу кезінде берген жауабына назар аударсақ, бұйрық бойынша Абыралы ауданына дайындауға тиісті 3379 тонна еттің орнына Ет дайындау Одағы (Союзмясо) ауданға 8745 тонна ет дайындау жөнінде жеделхат жіберген. Н. Мәметеков Алматыға барған іссапарында Өлкелік комитеттің үшінші хатшысы Рошальға жолығып, осы мәселені көтерген кезде, жоғарыда көрсетілген мөлшерде емес, жоспар бойынша 3379 тонна ет дайындау керектігін анықтаған. Қызметін асыра пайдаланған Ет дайындау Одағының басшылығы осындай асыра сілтеуге жол берген [7].

Абыралы ауданына қарасты Абыралы, Ақбота, Бөрілі, Дегелен, Темірші болыстарына қоныстанған халықтың саны 1890-1933 жылдар аралығында мынадай мөлшерде болған: 1890 жылы 70-80 мың адам, 1912 жылы 60-65 мың адам (азауының себебі, Семейге Заречная Слободка поселкесіне көшті, Қарқаралыға жұмысқа орналасуына), 1917 жылы 35-40 мың (1916 жылы қара жұмысқа алынуына байланысты), 1925 жылы 33-35 мың (1921-1922 жылдардағы ашаршылық тұсында боса көшуіне және қырғынға ұшырауына байланысты), 1931 жылы 29 мыңнан сәл артық (кәмпеске тұсындағы шетелге үдере көшуден), 1933 жылы 9 мың (ашаршылық жылдары шет елдерге, Кеңестер Одағының ішкі республикаларына көшіп кетуіне және аштықтан қырылуына байланысты) [8, 216-б.]. Қарап отырсақ, белгілі бір жағдайға байланысты халықтың саны жылдан жылға кеміген. Бұл біріншіден, демографиялық өсімге кері әсерін тигізсе, екіншіден, аудандағы экономиканың құлдырауына себепші болды.

Тәркілеу саясаты мен ет дайындау науқаны Абыралы өңірінің экономикалық жағдайын мүлде тұралатып тастады. Абыралы ауданында да аштық алапаты басталды. Оның арты халықтың саясатқа қарсылығын тудырды.

Абыралы ауданындағы көтеріліс 1931 жылы ақпан айынан басталып, ауданның барлық ауылдарын қамтыған. Тәркілеу мен ұжымдастыру науқанына қарсы көтерілісті ұйымдастырушылардың қатарынан Есімбек Мұсабеков, Ысқақ Кемпірбаев, Ыбырай Кемпірбаев, Әбділқадыр Мақыбаев, Бейсен Кемпірбаев, Түсіпбек Жандыбаев, Нұғман Бөлегенов, Қауқарбек Балтақиев, Нұғман Жақыпов, Көріпбек Байшайынов және Шабдан сияқты азаматтардың аттары аталады. Ғылыми зерттеулерден бізге көтеріліске қатысқан немесе қолдаған 156 адамның есімдері белгілі. Барлығы да көтеріліс басылған соң жауапқа тартылған.

Ішкі Істер Халық Комиссариатының тергеу үдерісінде көтерілісті бастаушылардың арасынан №6-шы ауылының тұрғындары Ысқақ Кемпірбаев пен Уайда Тұрғамбаевтың, Есімбек Мұсабековтың есімдері жиі аталды. Ы. Кемпірбаев пен У. Тұрғамбаев бастаған ауыл азаматтары кеңес өкіметінің жүргізіп отырған саясатына ашық қарсы шығуға үгіттеп, 11 адамнан тұратын орталық құрып, үкіметтің саясатына қарсы үндеу қабылдаған.

Бастапқы кезде азшылық топпен болған көтерілісшілердің қатары 14 ақпандағы көтерілістен кейін аудан жеріндегі ауылдарды түгелдей қамтып, олардың саны 700 адамға жеткен [9, 65-66-бб.].

Қауіпсіздік комитетінде сақталған құжатта көтерілістің орталығы болған Қайнар селосындағы қызылдармен болған қақтығыс Қосқан Битыбаев, Түскен Смағұлов және т.б. ауыл азаматтардың басшылығымен өткен. Алайда оларға қызыл отряд әскерлері тойтарыс берген. Ауыл-ауылдарына қашып кеткен көтерілісшілер топ-топ болып бірігіп, толықтай талқандалып, ұсталғанша 1931 жылдың маусымына дейін әрекет еткен.

Абыралы ауданына солтүстік-батысында Қарқаралы ауданымен шекаралас бөлігіндегі №6 ауылдағы Ысқақ Кемпірбаев бастаған көтерілісшілер керісінше бірігіп, ет дайындау жоспарын орындауға келген өкілдерді тұтқындау, ауыл кеңестеріндегі істерді өртеп жіберген [6, 90-91-бб.].

Кеңестік жүйе саясатына қарсы шыққан абыралықтар бас қосқан жиындарының бірінде үкіметтің жүргізіп отырған науқанын сынға ала сөйлеген Ы. Кемпірбаев қазақ жерінде жүргізіп отырған саяси реформаларын тонаушылық саясатқа теңеді. Ол сөзінде: «Кеңес өкіметінің Қазақстандағы тонаушылық саясатының мәні мен міндеттері туралы айтудың қажеттігі жоқ. Кеңес өкіметінің өзі сөзбен емес, іс жүзінде өзінің осы саясатының мәнінің қандай екенін көрсетті», - дей келе, кеңестік жүйенің 1928 жылы «ірі бай шаруашылықтар» деген атауымен жүргізілген тәркілеуі Қазақстанның экономикасына қатты соққы болып тиіп, ірі байдан бастап орташаларды, ең соңында кедейлерге ауыз салғандығын қынжыла айтты.

Сөз жүзінде социализмге бағытталған, іс жүзінде жаппай азып-тоздыруға жетелейтін, шаруашылық-саяси науқандары барлық дерлік кедейлер мен жарлы-жақыбайды жүрдай қылып, сәл қарсылық білдіргендерді түрмеге қамап, атып,

елдің еңсесін түсіріп жібергендігін көрсете, көтеріліс өрті бүкіл Кеңестер Одағын шарпып бара жатқандығын, бой тасаламай үкіметтің саясатына қарсы шығып, жан аямай және аяғына дейін күресуге шақырды.

Б. Нәсенов «Абыралы қанды жылдары» деп аталған кітабында келтіргендей, көтеріліс басшыларының бірі Е. Мұсабеков 1885 жылы Абыралы ауданының Темірші болысына қарасты «Көкшетау» атты №6 ауылда дүниеге келген. Шаруашылығында 75 жылқы, 67 қой, 4 сиыр, 1 түйесі болып, 1930 жылдың басында бұл малдардың бәрі тәркіленіп, Абыралыдан Семейге жер аударылған екен [8, 267-268-бб.].

Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың мәлімдеуінше бұл көтерілісті ұйымдастыруға бұрынғы алашордалықтар ықпал еткен. Алаш зиялылары Абыралы өңірінің абыройлы азаматтарымен бұрыннан байланыс ұстаса керек. Мәселен, Абыралы болысының Мұса Құлбаев, Сүлеймен Қойсоймасов, Ақбота болысының Жүсіп Құлбатыров, Бектібай Ботабаев, Бөрлі болысынан Толмұхамет Алтынғарин, Рахия Сатпаев, Дегелең болысының Керімхан Төлебаев, Тынышбай Қашанов, Темірші болысының Секербай Қанғожин, Оспан Жанғабылов сияқты игі жақсылары 1905 жылғы Қарқаралы петициясына қол қойған [10].

1918 жылы Алашорда кеңсесі Орынбордан Семейге көшірілгенде және Азамат соғысы жылдарында Алашорда қайраткерлері Шыңғыстау және Абыралы өңірлерінің жоғарыда аты аталған ауқатты азаматтарына арқа сүйеген.

Алашордашылардың 1931 жылғы Абыралы көтерілісіне қаншалықты ықпалы болғандығы оларға қарсы жүргізілген сот үдерісі кезінде айқындалды. Ішкі Істер Халық Комиссариатының (НКВД) тергеу құжаттарының бірінде №10 ауылда болған жиналыста халық алдын шығып сөз сөйлеген колхоз мүшесі Ыбырай Жәкішов: «Кеңес үкіметі халықты алдады. Байларға ғана салық саламыз деп еді. Ал шындығында орташа шаруа мен кедейлерді де аяған жоқ. Енді көздеріңіз жетті. Кеңес үкіметі «жыртқыштар». Тапсырған малдарыңызды қайтарып алыңыздар» деп, ашық түрде қарсы шығуға шақырғандығы жөнінде ақпар келтіріледі.

Тәркілеуге ілінген Баймағамбет Бұғыбаевтың 32 жастағы ұлы Қадаудың ПХК-ның тергеуіне берген жауабында Ы. Жәкішевтің Семейден келген алашордашылармен байланысып, бізге «Совет үкіметі құлады. Семейден маған Салықбаев Рақымжан келді. Алашордашылар Шыңғыстаудың байлары Шаймардан Ахметжановпен, Ахметов Алхамжанның атасы Жақып және Әбіш Рысқұловтармен кездеседі. Семейден Алаш Ахметжанов келіп көтерілісті басқарады» дегенін естідім десе, Абыралы ауданына қарасты №6 ауылдағы 27 жастағы байдың баласы, бірақ сол ауылдың мұғалімі болып, осы көтеріліске қатысты айыпталушы Қауқарбек Балтақаев та жауап барысында көтерілісшілер бұрынғы алашордашылармен тығыз байланыс ұстады деген ақпар берген.

Ол қаңтар айының басында Абыралы ауданына Семей қаласынан келген 1928 жылы мал-мүлкі тәркіленген бай Есімбек Мұсабеков Дегелең бөлігіндегі туысы Тышқанбаевтың ауылында және №1 ауылда бірнеше күн болып, ауыл тұрғындарына 1930 жылы заңсыз түрде Мәскеу қаласында «Шаруа ұйымы» партия ұйымдастырылғаны, оны Алашорданың көсемдері Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, Ахметолла Барлыбаев және басқалардың құрғандығын жөнінде айтса керек. Қ. Балтақаевтың естуінше, бұл партияның Мәскеуден басқа жеті аймақта өз бөлімшелері астыртын жұмыс істеген. Сондай бөлімшенің бірі Семейде орналасқан екен. Бірақ оны кім басқаратындығын Е. Мұсабеков айтпаса керек.

Қ. Балтақаев сөз барысында Е. Мұсабековтен Алаш көсемі Ә. Бөкейханов Мәскеудің ГПУ-ына берген жауабында ұйымның бар екендігін мойындағандығын, алайда бұл «ұйымды жоя алмайсыңдар» деп батыл айтқаны үшін Ә. Бөкейхановты ату жазасына кесіп, кейін бұл шешім өзгертіліп, ОГПУ сотының шешімімен оны ату жазасын түрмеде отыруға ауыстырды деген әңгіменің естігенін де жайып салған.

Е. Мұсабековтің осы ұйымның алдағы мақсатын түсіндіре келе, Нұғман Жақыпов пен Бөлекке «№1 ауылда ет салығына қарсы халықты көтеріңдер.

Сендерден кейін барлық жерлерде көтеріліс болады. Қазір бүкіл одақ бойынша көтеріліске дайындалып жатыр. Сондықтан мамыр айында үкімет ауысуы мүмкін» дегенді айтып, № 6 ауылға барғанында ағасы Кәріпбек Байшайынов, Ысқақ Кемпірбаев, Байсеке Қоңырбаев және Түсіпбек Жандыбаевке руластарын көтеріліске шығуға дайындауды тапсырған.

Ысқақ Кемпірбаевқа алашордашылар оған үміт артып отыр деп сендіріп, көтеріліске әзірлік жасап, қажетті қарумен ағасы Кәріпбек Байшайыновтың қамтамасыз ететінін айтқан. Ағасы айтқандай Ы. Кемпірбаевқа екі мылтық әкеп берген екен.

Е. Мұсабеков №1 ауылдың адамдарын өзі бастап, көтеріліске алып шыққан. Жоғарыда аталған ұйымның Семейдегі бөлімінің құрамында Қарқаралы ауданының байлары Қыдырберді Жантуғанов, Тоқай Кенжин, Абыралы ауданынан алашордашыл Мәнән Тұрғанбаевтың ағасы Шәден, Уәлихан Ахметов және №10 ауылдан бірнеше адамдар болған.

Қ. Балтақиев көтерілісшілер осы ұйыммен, алашордашылармен тығыз байланысып, олардың шығарып тұрған газеттерін алып тұрды дейді [11, 254-256-бб.].

Қолға түскен көтерілісшілерге тергеу барысында қойылған сұрақтарда: «Қолға түсында Алашорда полкында қызметте болдың ба?», «Ике Әділовпен байланыстарың бар ма?» деген сұрақтар қойылған екен.

Көтерілісшілер ауылдық кеңеске шабуыл жасағанда «Лә Иллаха Иллаһ» деген жазу бар ақ ту көтеріп шыққан. Бұл тергеу процесінде көтеріліске қатысушылардың берген жауаптарынан белгілі болған. Бұдан шығатын қорытынды – көтеріліс кезінде үгіт-насихат жұмыстары негізінен Кеңес үкіметі «антикеңестік элементтер» деп таныған, тәркілеуге ұшыраған байлар тарапынан жүргізілді. Жоғарыда келтірілген деректерден халықты көтеріліске тарту барысында алашордашылардың ел арасындағы ықпалын жақсы пайдаланғандығы аңғарылады. Алайда көтерілістің дем берушілері негізінен тәркілеуге ұшыраған ықпалды байлар мен олардың ұрпақтары болғаны сөзсіз. Осы өңірдің ауқатты адамдары Алаш партиясы мен Алаш Орда үкіметін қаржыландырып отырғаны туралы деректер өте көп. Әсіресе Семей қаласы Алаштың орталығы болып тұрғанда бұл үрдіс үздіксіз жүріп жатқан.

Тәркілеу саясаты мен ет дайындау науқаны Абыралы өңірінің экономикалық жағдайын мүлде тұралатып тастады. Көтеріліс жеңіліске ұшырағаннан кейін Қазақстанның өзге аймақтарындағыдай Абыралы ауданында да аштық алапаты басталды.

Байқағандарыңыздай Абыралы ауданы халқының демографиялық құлдырауы ұжымдастыру жылдарының үлесіне тиеді. Қазақ халқы экономикалық тұрғыдан да құлдырады. Тұрақты әскер ұстамағандықтан бұрыннан қалыптасқан ерікті жасақтар құру, оны ұжымдастыру мен қаруландыру мүмкіндіктері болмады. Жергілікті қазақ басшылары тек жоғарыдан келген бұйырықты орындау мен атқарушылық қызметті ғана атқарды.

Абыралы ауданындағы көтерілісті басуға Семейдегі ОГПУ-дың А. Чупин, Иерусалимов бастаған оперативтік отрядтары жіберілген. Иерусалимовтың отряды көтеріліске қатысы жоқ, еш кінәсіз 17 адамды өлтірген. Көтерілісті басу барысында 47 абыралылықтар өлтірілген [6, 91-б.].

Қолға түскеннен көтерілісшілер аса қатаң жазаланды. Тұтқындалған 274 көтерілісшілерге 1931 жылдың 17, 22 маусымында, 3, 14 қарашасында, 14 желтоқсанында Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың (ПП ОГПУ-дің) үштігінің шешімімен ерекше үкім шығарылды. Оның 86-ы ату жазасына кесілді, 137 адам еңбек түзету концлагеріне 3 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге қамалды. 10 адам осы мерзімдерге шартты түрде сотталды, тағы 10 адам Қазақстанның өз ішіндегі аймақтарға 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге жер аударылды [1, 205-б.].

Шыңғыстау көтерілісі

Көтерілістің үлкен бір ошағы Шыңғыстау ауданындағы (қазіргі Абай ауданы) кеңес үкіметінің әкімшілік саясатына қарсы халық толқулары Абыралыдағы

сияқты 1931 жылдың ақпан айында басталды. Бұл толқудың аяғы көтеріліске ұласып, оны ұйымдастырушылар жергілікті халыққа өздеріне шексіз салық салып, қолдарындағы барын тартып алып отырған аяусыз кеңес үкіметіне қарсы шығып, оны құлатуға шақырды.

Шыңғыстаудағы көтеріліс Қазақстанның басқа да аудандарында болып жатқан көтеріліспен үндес болды. Негізінде халықтың шолақ белсенділердің іс-әрекетіне деген наразылығы 1928 жылы ірі байларды тәркілеу науқанынан кейін-ақ басталған еді. 1926 жылдың желтоқсан айында Алтыбаев, Елбосынов деген шолақ белсенділер Шыңғыстауға астыртын келіп, ауыл кеңестерінен 17 байды тізімдеп алып кетеді. Тәркілеу басталған жылдың 3-17 қараша аралығында сол тізімге алынған байлардың барлығының да мал-мүлкі тәркіленіп, өздері жер аударылды. Бұлардың арасына Халық Ғаббасов, Тұрағұл Ибрагимов, Мұсатай Молдабаевтар ілігіп кетті. Т. Ибрагимов (Құнанбаев) пен М. Молдабаевтың малдары аз болса да байлардың арасында іріткі салушы ретінде көрсетілген. М. Молдабаев бұрынғы болыс басқарушысы болған, Сібір өлкесінің Рубцовскі округіне жер аударылды [12].

1928 жылдың 8 қазанындағы Қазақ ОАК-нің 168881/5 бұйрығымен бай ретінде ілігіп кеткен Тұрағұл Ибрагимовтың (Құнанбаев) жер аударылған отбасы мүшелерінен 53 жастағы 1-ші әйелі Сақыпжамал, үш ұлы Жебрайыл (25 жаста), Зұбайыр (23 жаста) және Алпарыстан (5 жаста), келіні Қанаға (25 жаста), немересі Кенесары (3 жаста) болған екен [13].

Арнай бұйрық бойынша ірі бай деп Шыңғыстаудан 29 отбасы тәркіленген екен. Кейбір орташа шаруалар да шолақ белсенділердің «ұр да, жық» саясатымен бай есебіне ілігіп кетті. Шыңғыс өңірінде 1928 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша 54141 жылқы, 36135 ірі қара, 362007 қой-ешкі, 12925 түйе болған болса, осы тәркілеудің нәтижесінде 1933 жылы небары 747 жылқы, 241 ірі қара, 6102 қой-ешкі, 186 түйе қалған [14].

Халық үкіметтің тәркілеу саясатынан шошынды. Орташалардың кейіпі қолында арық-тұрық 5-6 қойы мен ешкісі, 1 сиыры бар кедейге түседі-ау деген қорқыныш күшейді. Оның үстіне ауыл-ауылды шапқылап, тәркілейтін бай іздеген уәкілдер ауыл адамдарын «қолындағы бар малыңды тартып алып, өзінді итжеккенге айдатып жіберем» деп қорқытып-үркітті. Бұл Шыңғыстаулықтарды ашындырмай қоймады. Ақыры бастарын біріктіріп, үкіметке тәркілеу барысындағы күш көрсетуді, уәкілдердің түрлі салықтарының, оның үстіне ет салығының үстемелеп салынуынан бар малдарынан айырылып, азықсыз қалғандықтарын, колхоздастыру барысында түрлі зомбылықтарға жол берілетіндігін айтып, арызданбаққа бекінді.

Елден жиналып алынған жүз мыңдаған бас мал етін ат, түйе көлікпен Семей қаласына жеткізуге тырысты. Алайда жарты жолда қалып, көктем шыға басым бөлігі діттеген жерге жетпей, бүлініп, тек мая-мая сүйегі ғана қалды. Шолақ белсенділер сол сүйектерді жинап, өртеді. Өздерінің қылмыстарын жастыру үшін әр шаңыраққа енді сүйек салығы салынып, аштықтың сәл алдында тұрған шаруаны одан бетер қысты. Бұдан кейін жұртқа жүн салығы салынды. Одан құтылу үшін шаруа тон, шалбарларын қырқып, көрпе жүнін түтіп өткізуге мәжбүр болды.

Салықтарды өтемегендер «үкімет саясатына қарсы» деген желеумен абақтыға қамалды. Уәкілдердің бұл әрекетіне қарсы шыққандар да «қылмысты» деп табылып, тұтқындалып, түрмеге жабылды. Шыңғыстауда Шәкәрімнің балалары Ғафур, Қабыш, Ғафурдың ұлы Баязит осындай «қылмыстары үшін» Семейдің абақтысына тоғытылды. Ұрып-соғу, қинау сияқты қорлыққа шыдамаған Ғафур түрмеде өзіне-өзі қол жұмсап өлді. Ғафурдың баласы Баязит та түрмеден шығып барып өзіне-өзі қол жұмсап өледі. Қабыш Семей, одан кейін Қарауыл түрмесіне отырып, ақыры шейіт болады.

Осындай қуғын-сүргіннің бір толастамауы-халықтың ашу-ызасын өршіте түсіп, Семей округі халық наразылығының ірі ошағына айналды. 1931 жылдың ақпан айынан мамыр айына дейін 6 ауданда күшті толқулар болды [15, 401-406-бб.].

Сойыл-шоқпар, ішінара құс мылтықпен қаруланған қара шаруа халықты өз арыздарын тыңдамаған уәкілдерге, ауылдың шолақ белсенділеріне қарсы шықты. Осы жәйтті Қайым Мұхаметхановтың баяндауынша, «Абылайлап» ұран шақырып, ақ ту көтерген шаруалар әділет тілеп, аудан орталығына бет алады. Аттанар алдында Шыңғыстың сыртындағы оқшау тау Шақпақтағы «шошаласында» жатқан Шәкәрім қажыдан барып, оның басшылары батасын сұраған. Шәкәрім ашынған халыққа басу айтып, босқа қырылып қалмауға шақырады. Алайда «аштан өлгенше, алысып өлейік» деген топ қолындағы бар-жоғы 3-4 шиті мылтық, балта, шоқпар, аша-күректі қаруым деп сайланып, 1931 жылы 3 қыркүйекте аудан орталығына аттанады. Олар жол-жөнекей Бақанастағы ауыл мектебіне «мұғалім» деп әкелінген ГПУ-дің тыңшысы Рамазан Әбішев пен оның әйелі Рәпішті, Ақжардағы қазақ үйден жолдан келіп тынығып жатқан РКІ-дің (Жұмысшышаруа инспекциясының) төрағасы Олжабай Шалабаевты өлтіреді. Саржал, Машан, Бақанас және Жидебайдағы «Өркенді» кооперативін тонайды.

Жақсы қаруланған жазалаушы үкімет әскері 150-200 шамалы қарусыз адамға оқ жаудырып, көтеріліске шыққандарды аяусыз қырды. Көтерілісті ұйымдастырушылар деп есептелген Қасымбек Солтабаев, Санияқас, Қыдыш, Қарабала, Ташмұхамбет, Алатай деген 5 адам ұсталып, сол жерде атылып, НКВД-ның ауласындағы құдыққа тасталады. Қарауыл өзенінің жылға-жылғасына сотсыз, тергеусіз, үкімсіз атылған адамдардың өлігіне толып кетеді. Біраздан соң «... осы көтерілісті ұйымдастырушылар болыпты, қашып жүр екен, Қытайға кетпек көрінеді» деген жалған лақап таратып, ГПУ-дың арнайы жасағы «Саят қорасында» бейқам жатып, аң аулауға шыққан жерінде Шәкәрім қажыны атып өлтіріп, құдыққа көмусіз тастап кетеді.

Қайым Мұхаметханов ұсталған көтерілісшілердің тағдыры жайында: «Абай елінің көп адамдарымен бірге әкем түрмеге қамалды. Түрмеге қамалғандардың ішінде Абайдың баласы Мәкәйіл, Шәкәрімнің баласы Ғафур, Оразбайдың баласы Медеу, Медеудің балалары Мәукіл, Санияз бар, барлығы 72 адам екен. Бұлардың ішінде әйгілі ақын Нұрлыбек Баймұратов та бар еді. Абайдың баласы Мәкәйіл бастатқан Тобықтының 70 адамы түгел атылды. Атылудан әкем мен Нұрлыбек ақын ғана», - деп жазды [15, 403-б.].

Негізінде Шыңғыстау ауданында кеңес үкіметінің жүргізіп отырған саясатына қарсы халық толқулары 1931 жылы ақпанынан басталған. Көтерілісті Санияз Медеуов бен Емілжан Торайғыров басқарып, оған барлығы 200-ден астам адам қатынасқан екен. Т. Омарбековтың жазуынша, көтерілісшілер ақ жалау көтеріп, халықты аудандағы кеңес үкіметін құлатуға шақырған. Көрші Қу және Абыралы аудандарымен байланыс орнатып, олармен қосылуға әрекеттенеді. Бірақ Қызыл Армияның тұрақты бөлімдері бұған кедергі жасады, көтеріліс кең тарап үлгермей жатып-ақ ақпан айында күшпен басылып тасталынды.

Көтеріліске қатысты деген желеумен 183 адам тұтқындалып, олардың 47 адамы ОГПУ-дің «ерекше үштігінің» 1931 жылғы 15 мамырдағы шешімімен ату жазасына кесілді, ал 105 адам еңбек түзету лагерьлеріне қамалды. Қазақстанның өз ішіндегі аудандарға 3 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге 13 адам жер аударылды, тағы да шартты түрде 23 адамның үстінен іс қозғалып сотталды [1, 205-б.].

Көтеріліс кезінде Құнанбай Өскенбайұлының ұрпақтары қатты қудалауға ұшырады. Абайдың баласы Мәкәйіл, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Шәкәрімұлы жазықсыз атылған соң, Зият Шәкәрімұлы, Бердеш Әзімбайұлы, Мәнекеш Әзімбайұлы, Тәкежановтар Қытайға өтіп кетеді. Әуелі Тарбағатайға, одан әрі Алтайға қашып барады.

Шұбартау көтерілісі

Шұбартау көтерілісі 1931 ж. наурыз айында басталған. Бұл аудан негізінде сол жылдары аймақтағы Семей ет комбинатына мал өнімдерін өткізетін басты мал шаруашылық аудандарының бірі еді.

Негізінде аудан тәркілеу науқаны басталған 1928 жылы құрылған болатын. Шұбартау мен Дағанды болыстары үкіметтің қаулысымен біріктіріліп, Шұбартау деп аталып, оның қарамағына 13 әкімдік ауылы қарады. Кеңес үкіметі ауданда

жүргізген тәркілеу барысында халықтың қарсылығына тап болды. Себебі, ірі байлармен бірге орташа шаруалар да науқанға ілігіп, мал-мүлкінен айырылып, басқа жаққа жер аударылды. Оның үстіне шолақ белсенділер құлшына кірісіп, «шаш ал десе, бас алдың» кейіпін жасады. Үкіметтің бұл саясатынан әбден қорқып қалған халық байлардың ырқына көніп, көршілес жатқан Қытай шекарасынан асты.

Тәркіленуге ілікпей қалған байлар 1929-1930 жылдары колхоздастыру саясаты жүргізіле бастаған тұста тап жауы есебінде тағы да ұсталды. Шұбартау ауданынан ұсталған 19 бай Қарқаралы округіне әкелініп, айдауға жіберілді, кейбірі атылды. Бекділда Базарбековтың айтуынша, ауданнан ұсталған 19 бай төлеңгіт және керек руынан болған екен. Олардың арасында Т. Әзімбаев, У. Әзімбаев, Ж. Түсіпов, Ш. Жолжарин, Қ. Ақылбеков, А. Жолжаксин, Н. Әділбаев, Р. Игіжанов, К. Төлендин және тағы басқа байлар үкіметтің ұзын құрығына ілігіп, жазаланған [16, 174-б.]. Сөйтіп, 1930 жылдың басынан кең өрістеген ауқатты шаруаларға қарсы кеңес өкіметінің қатал саясаты олардың шаруашылықтарын түгелдей дерлік күйретіп үлгерді.

Көтерілістің өрістеуіне көрші Абыралы және Шыңғыстау аудандарында көтерілістің басталғаны туралы хабар, сондай-ақ Қазақстанның көптеген аудандарында Кеңес өкіметінің құлағаны туралы қауесет ықпал етті.

Шұбартау ауданындағы көтеріліске 1, 4, 5, 6, 7, 8 және 11 ауылдардың азаматтары белсенді түрде қатысты. 1931 жылы 5 наурызда басталған көтерілісті 77 жастағы Мырзаш Қарамүрзин басқарып, 8 ауылдық кеңес кооперативтерін басып алып, оның мүлкін елге үлестіріп жіберді.

Көтерілісшілердің алғашқы жиналысы «Бидайық» жайлауында, одан кейін Сароба жайлауында өтіп, Қали Молдабаев бастаған 30 шақты адам Аягөз стансасынан Шұбартауға келе жатқан тауар тиелген жүк арбасын тонады.

Онсыз да толқып отырған ауылдар енді үкіметке ет тапсырудан ашық бас тартты. 200-дей адам жиналған «Кенжайлау» жайлауында болған жиында аудан орталығына шабуыл жасау туралы шешім қабылданды. Көтеріліс басшысы болған М. Қарамүрзин бұл сапарға өзі аттанбай, көтерілісшілерге үш ұлы Тәуірбай, Амансары және Ұздыбайды қосты. Көтерілісшілерді шабуылға Мұқа Серғазин, Қали Молдабаев, Мелдехан Байғозин, Итжан Әбітаев бастап шығып, олардың соңынан 300-ге тарта адам ерді. Жолшыбай көтерілісшілерге басқа ауылдың жігіттері қосылып, жалпы саны 700-ге жетті [1, 205-б.].

Сойыл, қол шоқпарымен қаруланған көтерілісшілер 8 наурызда аудан орталығын қантөгіссіз басып алды. Олар ең алдымен қамауда отырған 41 адамды босатты. Мұнан соң аудандық мекемелерді жаппай талқандап, ондағы құжаттарды өртеп жіберді. Көтеріліс басшылары мекемелерден, астық қоймаларынан алынған заттар мен астықты көтерілісшілерге таратып берді. Осы оқиғаны естіген Шұбартау ауданының басқа ауылдары да көтеріліске шығып, жергілікті кооперативтерге басып кіріп, белсенділерді соққыға жықты. Кейбір деректерде Сарыбел және Кенжайлау жайлауларында өткен жиналыстарда ақсақалдар кеңесінің шешімімен көтерілісшілер Мырзаш Қарамүрзинді хан сайлаған.

Аудан көлеміне кең тарап кеткен көтерілісті басу Біріккен мемлекеттік саяси басқарма және коммунистік жасақтарға оңайға түсе қоймады. Дегенмен, темір жол арқылы келген жазалаушы әскер көтерілісті күшпен басты. Ұрыс барысында 9 көтерілісші оққа ұшып, көптеген адам қолға түсті. Көтеріліске қатысушылар қатаң жазаланды. Ерекше үштіктің үкімімен 28 көтеріліс басшысы ату жазасына кесілді, 66 адам 3 жылдан 10 жылға дейін мерзімге еңбекпен түзеу лагеріне жөнелтілді. Қазақстанның өз ішіндегі аудандарға 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге 17 адам жер аударылды, шартты түрде 22 адам сотталды. Сонымен қатар ауданның басшы коммунистері де жазадан тыс қалған жоқ. 1931 ж. 25 сәуір – 5 мамыр аралығында Шұбартау ауданында орталықтан келген мемлекеттік комиссия жұмыс істеді. Оны Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Елтай Ерназаров басқарды.

Комиссия шешімімен «сатқындық жасағаны, таптық бағытты бұрмалап, оппортунизмге түсіп, байлармен және бандиттермен достасқаны үшін» ауданның 8 басшысы, т.б. адамдар партиядан шығарылып, сотқа тартылды. Өзінің алдына қойған мақсаты, көтерген ұраны, ұлттық құрамы, қозғаушы күштері тұрғысынан қарағанда Шұбартау көтерілісі қазақ халқының тоталитарлық жүйеге қарсылығы болып табылады [1, 205-б.].

Алақ немесе Мұрын көтерілісі

Бұл көтеріліс жайында нақты жүргізіліп жатқан зерттеулер жоқ. Дегенмен соңғы кездерде ел аузынан жиналған ақпарларға сүйене мерзімді баспасөзге шағын түрде осы көтеріліс жайында мақалалар жарияланды.

Алақ немесе Мұрын көтерілісі ел аузында ұзақ жылдардан бері сақталып келеді. Кеңес үкіметінің белсенділері оған «Қаражал бандасы» деген де ат беріпті.

Бұл көтеріліс бұрынғы Семей облысының Ақсуат, Көкпекті аудандарында болған екен. Көнекөз қариялардың айтуынша, ұжымдастыруға қарсы болғандар Абыралы мен Шұбартаудағы қазақтардың көтерілгенін естіп, біліп, олармен байланысқа шығып, олардың жағдайынан хабардар болып отырған.

Ақсуат өңірінен тәркіленуге 1928 жылы 18 қыркүйекте Райымжан Ысқақов, Ерғали Мұқажанов, Жәкулә Күшіков, Ғалиасқар Трайысов, Мұқыш Қуанов, Әділ Ақшалов, Заманбек Мүрсәлімов сияқты аса ірі байлар ілігіп, мал-мүліктері хатталып, өздері басқа жаққа жер аударылды [16, 145-146-бб.].

Осы тәркілеу науқанын өңірде тұрған Сайдахмет Шұқыжанұлы өз көзімен көрген екен. «Мен 1928 жылы 13 жастамын. Сол жылы біздің аймақтың ірі байы Трайыс қажы тәркіленіп, жер аударылды. Оның байлығын малмен есептегенде, түйенің көптігі сондай, бұраларынан қорқып, байдың ауылына бармайтынбыз. Трайыс қажы тәркіленгеннен кейін оның туған-туысқаны, жолдас-жоралары. жекжаттарымен бірге ел аузында «Қаражал бандысы» деген атпен белгілі болған Ақсуат, Аягөз, Шұбартау, Шар, Абай, Абыралы, Жарма аудандарында үкімет саясатына риза болмай, қарсы атқа мінгендердің қатарына қосылды. «Қаражал бандысы» қазіргі «Ленинжол» совхозының «Үштөбе» бөлімшесіндегі Өкпеті тауында немесе Қабанбай шатын паналады. Бандыларды бастаушылар Қызылбай, Ақанғали, Серікбай дегендер болды», - дейді [17, 163-164-бб.].

Трайыс қажының баласы Ғалиасқар Трайысов 1928 жылы 283 ірі малдың иесі ретінде тәркілеудің бірінші бабына іліккен [18].

Алақ немесе Мұрын көтерілісіне ұйымдастырушысы бірі ретінде 1928 жылы жаппай тәркілеуге ұшырап, Сібірге жер аударылған және бұрынғы Семей губерниясы Зайсан уезі Көкпетінің он жылдай болысы болған Жәкулә Күшіков айтылып жүр.

Нұрбек Сейілхановтың (1991 жылдың 19 қарашасында жазылып алынған) айтуынша, 1930 жылдың соңы мен 1931 жылдың басында кеңестік

билікке қарсы болған қозғалыс Қаражал деген тауға мекендегендіктен «Қаражал бандысы» деп аталған екен. Көтерілісті Қасым Қозыбайұлы басқарып, оған Аягөз ауданындағы Сыбан елінен Шәріп Садыханов, Асанбай, Қызылбай және Жәкулә Күшіков қосылған. Сөйтіп олар ірі топқа айналды.

Қаражал, Талдыбазарда топтасқан көтерілісшілердің негізгі басшысылығын Бәйізқожа Теңізбаев атқарып, ал топта Қайран Биболов, Қасым Қозыбаев, Ақанғали Төленгітов, Серікбай Есенғожин, Қырықбай Әкежанов, Нұржақып Бисмелдин, Кәрімғажы Қибабаев, Қаратай Аюбаев, Ахмет Қонаев, Бабақ Төкішев, Омарбек Балатаев сияқты адамдар болған. Бұл топқа саяси бұрынғы «Алаш» партиясының мүшесі, Қытай елінде қашып жүрген Райымжан Мәрсеков жетекшісі болып, саяси рух беріп отырған екен. Көтерілісшілердің арасында кеңес жүйесінде қызмет ететін, партия мүшелері де болды. Мәселен, Қайран Биболов пен Серікбай Есенғожин партия мүшесі, қызметкер болса, Ақанғали Төленгітов бұрынғы милиция саласында қызмет еткен [17, 163-164-бб.]. «Чекисты Қазақстана» кітабында «Қаражал» көтерілісі Қытай жағынан ұйымдастырушыларының қатарынан Р. Мәрсековтың болғандығы жайында мәлімет келтіріледі [19, 68-69-бб.].

Көтерілістің шығуына итермелеген жайдың бірі – Трайыс қажының себепсіз милиция қолынан өлтірілуі болды. Өңірдің бірнеше қажылар мен діни белсенділері де тәркілеуге ілініп, қуғындалды. Бұл көтерілістің шығу себебін барлық естелік айтушылар халықты төніп келе жатқан аштық апатынан құтқару үшін уақытша Қытай елінде паналата тұруға көш бастаудан болды деп есептейді.

Халықты Қытай шекарасына қарай бастап апаруға бет алған топ Алақ шатқалына жеткенде тыңшылардың хабарымен құлақтанған Көкпектіден келген округтік саяси басқарма бастығының орынбасары М. Клюкин күтіп алып, райларынан қайтып, туған жерлеріне оралуды талап еткен. Екі жақтың әңгімесі жараспай, ол соңында көтерілісшілерді заңмен қорқыта бастайды. Егес қызған кезде Елубай Әкімбайұлын атып өлтіреді. Ашуланған қазақтар сол жерде үш орысты жантаумен етеді.

Негізінде Алақ көтерілісін басуға арнайы төрт топ құрылып, оларды М. Клюкин, М. Третьяков, Г. Протопопов, В. Радченко деген командирлер басқарған. Бейбіт көш пен М. Клюкиннің арасындағы қақтығысты естіген В. Радченко бастаған ГПУ-дің отряды оларды Сарышоқы тауының бір шатқалында күтіп алып, зеңбіректің, пулеметтің оғымен қарсы алады. Көшке ілескен 800 адамның жартысына жуығы оққа ұшады. Қашқандары Нарын өзенінің суына кетті. Сол қырғында өлген адамдардың ішінде өңірге әйгілі болған Кәрібай Танатарұлы да бар еді.

Қырылған адамдардың көбінің сүйегі көмусіз қалды. Олардың сүйегінің 1950 жылға дейін қурап жатқандығын Нұрбек Сейілханов көзімен көрген екен [17, 165-бб.].

Банды ретінде ұсталған топты атты отряд найзалы мылтықпен піскілей отырып айдап, Көкпекті түрмесіне жеткізеді. Белсенділерді ұрып-соғып, әбден қинаған екен. Жәкуләнің күйеу баласы Садырбай тұтқындалып, ауыр азаптың бәрін тартып, ақыры ату жазасына бұйырылады. Көтерілістің бел ортасында жүрді деген желеумен ағасы Кәріпжан түрмеге қамалып, ақыры он жылға жазаға кесіледі. Жәкулә түрмені бұзып, қашып шығып, Қытайға асып кетеді. Інісі Серікбай ұсталып, 18 жыл айдауда болады. Ал Жәкуләнің соңынан ергендер аштық пен қуғын-сүргін нәубетінен аман қалмады. Біразы қашып Қытайға өтіп кетеді [20].

«Чекисты Казахстана» кітабына енген М. Туневтың «В урочище Алақ» деп аталған деректі әңгімесінде осы Алақтағы М.Я. Клюкинның Көленкелі тауының Алақ сайында Қытайға өтпек болған көшпен арада болған қақтығыс барысына тоқталады. Автор кеңес үкіметіне қарсы шыққандарды «бандылар» деп көрсетіп, оларды Қытаймен жасырын байланыс ұстанды деген дерек келтіреді. Оның жазуынша Қатран Байболов қаңтар айында байларын басын қосып, кеңесіп, Шыңжаңдағы өздерінің байланысшысы Ақшияқ Тойкинге кеңес үкіметке қарсылардың қатарының көптігін айтып, қарулы көмек көрсетуді жөнінде хат жолдаған.

Көтеріліс басшыларының бірі Қасым Қозыбаев 150-дей адаммен Кеңес әскерлеріне қарсы шығып, ұрыс барысында көпшілігі қаза тапқан. Ал өзі қолға түсіп, азапталып барып атылған екен [18, 68-104-бб.].

Шығыс Қазақстан облысында болған наразылықтардың барлығы да кеңестік жүйенің қыспағына қарсы болды. Бейбіт түрде басталған бұл наразылықтардың арты қақтығысқа ұласып, ақыры көтерілістерге алып келді. Абыралы, Шұбартау, Шыңғыстау және Алақ немесе Мұрын көтерілістерінің барлығы да ұйымдаспаған, шашыраңқы түрде болғандықтан, ұзаққа созылмай үкімет тарапынан басылды. Дегенмен, отаршылдық бұғауына қарсы бағытталған бұл көтерілістер халықтың бойында еркіндікке, тәуелсіздікке деген үміттің бар екенін көрсетті.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Омарбеков Т. 20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 320 б.
2. Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. – Алма-Ата, 1992. – 36 с.
3. Алланиязов Т.К. Крестьянские выступления 1929-1932 гг. в Казахстане: опыт и проблемы изучения. – Алматы, 2002. – 88 с.

4. Абылхожин Ж.Б. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век. – Алматы: Университет «Туран», 1997. – 360 с.
5. Омарбеков Т. Зобалаң (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық): Оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1994. – 272 б.
6. Алдажуманов К. Крестьянское движения сопротивления // Депортированные в Казахстане народы: время и судьбы. – Алматы: «Арыс»-«Казахстан», 1998. – 428 с.
7. ҚР ОММ. 5-қ., 21-т., 65 а-іс. 47-п.
8. Нәсенов Б. Абыралы – қанды жылдары. 3-кітап. Екінші бөлім. – Алматы-Новосибирск, 2006.
9. Омарбеков Т. Абыралы дүрбелеңі // Ақиқат. – 1993. – №3. – 65-66-бб.
10. ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 5658-іс. 26-п.
11. Нәсенов Б. Абыралы көтерілісі. 14-кітап. Тоғызыншы бөлім. – Алматы-Новосибирск, 2011.
12. ШҚО ҚЗТҚО. 74-қ., 4-т., 40-іс.
13. ШҚО ҚЗТҚО. 74-қ., 4-т., 40-іс
14. ШҚО ҚЗТҚО. 409-қ., 1-т., 743- іс.
15. Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Арғын. 9 том. 2 кітап. XII тарау. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2008. – 499 с.
16. Сәменбетұлы Н. Шұбартау көтерілісі. – Семей: «Талант», 2011. – 18-20-бб.
17. Смағұлова С.О., Дүзбаева Қ.С. XX ғ. 20-30 жж. Қазақстандағы саяси науқандардың қасіреті мен ашаршылық зардабы // Отан тарихы. – 2014. – №1 (65). –161-170-бб.
18. ҚР ОМА. 135-қ., 1-т., 4-іс, 44-п.
19. Чекисты Казахстана. / Составит. Н.И. Милованов, А.Ф. Минаичев. – Алма-Ата: Казахстан, 1971. – 68-104-бб.
20. Кәріпжан әулеті А. Алақ көтерілісінің арысы // «Адырна» ұлттық-этнографиялық порталы. 2015. «Жас қазақ» газетінен алынған.

References

1. Omarbekov T. 20-30-zhyldardaQy Qazaqstan qasireti: Komekshi oqu quraly. – Almaty: Sanat, 1997. – 320 b.
2. Kozybaev M.K., Abylkhozhin Zh.B., Aldazhumanov K.S. Kollektivizaciya v Kazakhstane: tragediya krest'yanstva. – Alma-Ata, 1992. – 36 s.
3. Allaniyazov T.K. Krest'yanskije vystupleniya 1929-1932 gg. v Kazakhstane: opyt i problemy izucheniya. – Almaty, 2002. – 88 s.
4. Abylkhozhin Zh.B. Ocherki social'no-ekonomicheskoy istorii Kazakhstana. XX vek. – Almaty: Universitet «Turan», 1997. – 360 s.
5. Omarbekov T. Zobalan (Qushtep uzhymdastyrugа qarsylyq): Oqu quraly. – Almaty, «Sanat», 1994. – 272 b.
6. Aldazhumanov K. Krest'yanskoe dvizheniye soprotivleniya // Deportirovannye v Kazakhstan narody: vremya i sud'by. – Almaty: «Arys»-«Kazakhstan», 1998. – 428 s.
7. QR OMM. 5-қ., 21-т., 65 а-іс. 47-п.
8. Nassenov B. Abyraly – qandy zhyldary. 3-kitap. Ekinshi bolim. – Almaty-Novosibirsk, 2006.
9. Omarbekov T. Abyraly durbeleni // Aqiqat. – 1993. – №3. –65-66-bb.
10. QR OMA. 64-қ., 1-т., 5658-іс. 26-п.
11. Nassenov B. Abyraly koterilisi. 14-kitap. Togyzynshy bolim. – Almaty-Novosibirsk, 2011.
12. ShQO QZTQO. 74-қ., 4-т., 40-іс.
13. ShQO QZTQO. 74-қ., 4-т., 40-іс
14. ShQO QZTQO. 409-қ., 1-т., 743- іс.
15. Qazaq ru-taipalarynyn tarikhy. Argyn. 9 tom. 2 kitap. XII tarau. – Almaty: "Alash" tarihi-zertteu ortalygy, 2008. – 499 s.
16. Samenbetuly N. Shubartau koterilisi. – Semey: «Talent», 2011. – 18-20-bb.
17. Smagulova S.O., Duzbaeva Q.S. XX g. 20-30 zhzh. Qazaqstandagy sayasi nauqandardyn qasireti men asharshylyq zardaby // Otan tarihy. – 2014. – №1 (65). –161-170-bb.

18. QR OMA. 135-q., 1-t., 4-is, 44-p.
19. Chekisty Kazakhstana. /Sostavit. N.I. Milovanov, A.F. Minaichev. – Alma-Ata: Kazakhstan, 1971. – 68-104-bb.
20. Karipzhanauleti A. Alaq koterilisinin arysy // «Adyrna» ulttyq-etnografiyalyq portaly. 2015. «Zhas qazaq» gazetinen alyngan.

С.О. Смагулова¹, А. Беркимбай²

¹заместитель директора Института истории и этнологии
им. Ч.Ч. Валиханова, д.и.н.,
доцент КазНУ им. аль-Фараби,

²магистрант 2-го курса Института истории и этнологии
им. Ч.Ч. Валиханова

НАРОДНЫЕ ВОССТАНИЯ ПРОТИВ СОВЕТСКОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА В 20-30-е гг. XX ВЕКА (ПО МАТЕРИАЛАМ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ)

Резюме

В данной статье рассматриваются народные восстания, возникшие в результате проводимых советским правительством в 20-30-е гг. XX века политических реформ. Опираясь на данные архивных документов, а также научные исследования, авторы освещают ход развития Абыралинского, Шингистауского, Чубарстауского, Алакского вооруженных восстаний в Восточном Казахстане и выявляют их результаты. Эти крестьянские волнения исследуются в контексте истории национально-освободительного движения и характеризуются как важнейший этап борьбы за независимость Казахстана. В исследовании раскрывается силовое подавление правительством участников и организаторов восстаний.

Ключевые слова: правительство, политика, кампании, коллективизация, налоги, протест, восстания, активисты.

S.O. Smagulova¹, A. Berkimbay²

¹Deputy Director of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Doctor of Historical Sciences,

Associate Professor of the al-Farabi KazNU,

²2nd year Master's Student of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology

PEOPLE'S REBELLIONS AGAINST THE SOVIET GOVERNMENT IN THE 20-30ies OF THE XX CENTURY (IN THE EAST KAZAKHSTAN REGION)

Summary

This article discusses the people's uprisings that happened as a result of the political reforms carried out by the Soviet government in the 20-30-ies of the XXth century. Based on data from archival documents and researches, the authors cover the course of Abyralinskiy, Shingistauskiy, Chubarstauskiy, Alakskiy armed uprisings in Eastern Kazakhstan, and reveal their results. These peasants' unrest are studied in the context of the history of the national liberation movement, and they are characterized as an important stage in the struggle for the independence of Kazakhstan. The study revealed the violent suppression used by the government against the participants and organizers of these rebellions.

Keywords: government, politics, campaign, collectivization, taxes, protest, uprising, activists.

Н.Н. Сармурзина¹

С.Ж. Доскалиева²

¹Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
т.ғ.к., доцент, аға оқытушы

²Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Тарих, археология және этнология факультетінің
1 курс магистранты

АСТРАХАН ОБЛЫСЫ ҚАЗАҚТАРЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА

Мақала тарихтың аласапыран кезеңдерінде халқымыздың басына түскен қилы тағдырына байланысты, атақоныс ата-мекендерінен ажырап қалған қазақтардың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлік еңбектеріне арналады. Кешегі кезеңде орын алған алыс және жақын шетелдердегі қазақтар тарихына қатысты ақтаңдақ тұстарын айқындау бүгінгі тарих ғылымының өзекті де іргелі мәселелерінің бірі болып табылатындығы сөзсіз. Ұлы Отан соғысы жылдарында еліміздің басқа да халықтарымен бірге қазақ халқы да әрі майдан даласында, әрі тылда ерлік еңбектің ерен үлгісін көрсетті. Сондықтан мақалада, атамекеннен алыста, туған жерден жырақта жүрген қазақ бауырларымыздың 1941-1945 жылдарғы қан майдандағы ерлік істері мен тыл қызметкерлерінің жеңіске қосқан үлесін айқындау басты мақсат болды.

Түйін сөздер: бассоль, минерал, экономика, механика, жаңатұңба, шөген, граната.

Астрахан облысындағы ірі өнеркәсіп орындарының бірі - Басқұншақ тұз өнеркәсібі. Кеңес үкіметі кезінде Басқұншақ тұзы одақ көлемінде ерекше сұранысқа ие болды және елді 30-35% тұзбен қамтамасыз етті. Барлық өндірілген тұздың 40% губернияның балық өнеркәсібіне пайдаланылады. Сондықтан губернияның өндірістік-экономикалық негізін балық пен тұз құрайды.

1940-шы жылдың өзінде жылына миллионнан астам тонна тұз өндірілетін болды. Жаңа жұмысшы поселкелері тұрғызылып, ауыз су мәселесі шешілді. Заман талабына сай құрал-саймандарымен жарақталған аурухана, орта мектеп, жұмысшы клубтары, кітапхана салынды. Астрахандық ауылдық жерлерде дәстүрлі шаруашылық балық аулау екендігі белгілі, сондай дәстүрлі өнеркәсіп түрлері қатарында тұз өндіру өнеркәсібі де болды. 1935-1940 жылдары Басқұншақ тұз өнеркәсібінде механикаландыру жұмысы жүргізіліп, колмен сүймендейтін жұмыстар тұз сору құралымен алмастырылып, екі метр тереңдіктен тұз алуға қол жеткізілді. Сағатына тұз өндіру көлемі 80 тоннаға жетті. Астрахан аймағының болашақта қарқынды дамуы үшін соғыс қарсаңындағы он жыл ішінде алдыңғы қатарлы ірі өнеркәсіп орындарымен қатар, жеңіл және тамақ өнеркәсіптерінде ерекше орын алды, әсіресе ағаш өндіру өнеркәсібі экономика дамуына өзіндік орынға ие болды, себебі ол кеме жасау, өңдеу, тұрғын үй салу және т.б. жұмыстардың бәріне қажет екені белгілі. Әр түрлі өңдеу жұмыстарына байланысты, Астраханда металл өңдеу кәсіпорны пайда болды.

Осындай бейбіт еңбектің тыныштығын Ұлы Отан соғысы бұзды. Ең мықты деген тұз өндірушілер соғыс алаңына кетті. Соғысқа кеткен күйеулері мен ағаларының орнын алмастыруға өндіріс басына әйелдер келді. Сол кезде Басқұншаққа бүкіл елдерді тұзбен қамтамасыз ету басты міндет болып саналды. Ұлы Отан соғысы жылдарында қойылған ауыр міндетті Басқұншақ тұз өнеркәсібі жұмысшылар ұжымы абыроймен өткеріп аянбай жеңіс жолында еңбек етті. 600-ден астам еңбеккерлер «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін»

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым Комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бас редакторы:

Ханкелді Әбжанов

Редакциялық алқа:

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали, Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков, Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан), Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов, У. Фиерман (АҚШ), А. Чубарьян (Ресей)

Бас редактордың орынбасары:

С. Смағұлова

Жауапты редактор:

З. Төленова

Редактор:

Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,

Алматы қ.,

Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Отан тарихы»

журналының редакциясы

Телефон: 272-68-46

E-mail: kazhistory@bk.ru

Электрондық мекен-жай:

www.iie.kz

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.